

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысандарының сыныптауышы туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 2 сәуірдегі № 54 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) 4 және 7-тармақтарын іске асыру мақсатында және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 17 қарашадағы № 155 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі туралы ереженің 8-тармағының "а" тармақшасына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы шешті:

1. Қоса беріліп отырған Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысандарының сыныптауышы бекітілсін.

2. Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысандарының сыныптауышы Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі ресурстарының құрамына енгізілсін.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2019 жылғы 2 сәуірдегі
№ 54 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысандарының СЫНЫПТАУЫШЫ

I. Сыныптауыштан егжей-тегжейлі мәліметтер

1. Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысандарының сыныптауышынан (бұдан әрі – сыныптауыш) сыныптауыш бөлімдерінің кодтары мен атаулары, топтардың, кіші топтардың және шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысандары түрлерінің кодтары мен атаулары бөлігіндегі егжей-тегжейлі мәліметтер 1-кестеде келтірілген.

1-кесте

Бөлімнің коды мен атауы	Топтың коды мен атауы	Кіші топтың коды мен атауы	Түрдің коды мен атауы	Ұйымдық-құқықтық нысанның коды	Ұйымдық-құқықтық нысанның атауы	
1	2	3	4	5	6	
AM	Армения Республикасында шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысандары					
	AM1000000	коммерциялық ұйым				
		AM1010000	шаруашылық серіктестік			
			AM1010100	толық серіктестік		
			AM1010200	коммандиттік серіктестік		
		AM1020000	шаруашылық қоғам			
			AM1020100	жауапкершілігі шектеулі қоғам		
			AM1020200	қосымша жауапкершілігі бар қоғам		
			AM1020300	акционерлік қоғам		
				AM1020301	ашық акционерлік қоғам	
				AM1020302	жабық акционерлік қоғам	
		AM1030000	дара кәсіпкер			
		AM2000000	кооператив			
			AM2010000	коммерциялық кооператив		
	AM2020000		коммерциялық емес кооператив			
	AM3000000	коммерциялық емес ұйым				
		AM3010000	қоғамдық бірлестік			
		AM3020000	қор			
		AM3030000	мемлекеттік ұйым			
	AM9000000	Армения Республикасында шаруашылық жүргізудің өзге ұйымдық-құқықтық нысаны				
		Беларусь Республикасында шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысандары				
		BY1010000	коммерциялық ұйым			
			шаруашылық серіктестік (қоғам)			
BY1010100			толық серіктестік			
BY1010200			коммандиттік серіктестік			
BY1010300			акционерлік қоғам			
			BY1010301	ашық акционерлік қоғам		
			BY1010302	жабық акционерлік қоғам		
BY1010400			жауапкершілігі шектеулі қоғам			

ВУ

ВУ1000000		ВУ1010500	қосымша жауапкершілігі бар қоғам
	ВУ1020000	өндірістік кооператив	
	ВУ1030000	унитарлық кәсіпорын	
		ВУ1030100	шаруашылық жүргізу құқығына негізделген унитарлық кәсіпорын
		ВУ1030200	жедел басқару құқығына негізделген (қазыналық) унитарлық кәсіпорын
	ВУ1040000	коммерциялық ұйым болып табылатын мемлекеттік бірлестік	
	ВУ1050000	арендалық кәсіпорын	
	ВУ1060000	шаруа (фермер) қожалығы	
ВУ2000000	коммерциялық емес ұйым		
	ВУ2010000	тұтынушылар кооперативі	
	ВУ2020000	қоғамдық, діни ұйым (бірлестік)	
		ВУ2020100	қоғамдық ұйым (бірлестік)
		ВУ2020200	діни ұйым (бірлестік)
	ВУ2030000	республикалық мемлекеттік-қоғамдық бірлестік	
	ВУ2040000	кор	
	ВУ2050000	мекеме	
	ВУ2060000	заңды тұлғалардың және (немесе) дара кәсіпкерлердің бірлестігі	
		ВУ2060100	қоғамдастық
		ВУ2060200	одақ
ВУ2070000	коммерциялық емес ұйым болып табылатын мемлекеттік бірлестік		
ВУ2999999	өзге коммерциялық емес ұйым		
ВУ3000000	заңды тұлға ұйымдастырмай құрылған субъект		
	ВУ3010000	дара кәсіпкер	
	ВУ3020000	Беларусь Республикасының аумағында әрекет ететін шетелдік ұйымның (Беларусь Республикасының шегінен тыс тіркелген және орналасқан заңды тұлғаның) өкілдігі	
	ВУ3999999	басқа топтамаларға қосылмаған, заңды тұлға ұйымдастырмай құрылған өзге субъект	
KZ1000000	Қазақстан Республикасында шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысандары		
		мемлекеттік кәсіпорын	
	KZ1010000	шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын	
	KZ1020000	жедел басқару құқығындағы (қазыналық) мемлекеттік кәсіпорын	
KZ2000000	шаруашылық серіктестік		
		толық серіктестік	
	KZ2020000	коммандиттік серіктестік	

KZ		KZ2030000	жауапкершілігі шектеулі серіктестік	
		KZ2040000	қосымша жауапкершілігі бар серіктестік	
	KZ3000000	акционерлік қоғам		
	KZ4000000	өндірістік кооператив		
	KZ5000000	мекеме		
	KZ6000000	қоғамдық бірлестік		
	KZ7000000	тұтынушылар кооперативі		
	KZ8000000	қор		
	KZ9000000	діни бірлестік		
KZ0000000	қауымдастық нысанындағы заңды тұлғалар бірлестігі			
KG	Қырғыз Республикасында шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысандары			
	KG1000000	коммерциялық ұйым		
		KG1010000	мемлекеттік кәсіпорын	
		KG1020000	муниципалдық (коммуналдық) кәсіпорын	
		KG1030000	шаруашылық серіктестік және қоғам	
			KG1030100	ашық акционерлік қоғам
			KG1030200	жабық акционерлік қоғам
			KG1030300	жауапкершілігі шектеулі қоғам
			KG1030400	қосымша жауапкершілігі бар қоғам
			KG1030500	коммандиттік серіктестік
			KG1030600	толық серіктестік
		KG1040000	коммерциялық ұйым ретіндегі кооператив	
		KG1050000	ауыл шаруашылығы кооперативі	
		KG1060000	коммерциялық ұйым ретіндегі қаржы кооперативі (кредиттік одақ)	
		KG1070000	шаруа (фермер) қожалығы (заңды тұлға ұйымдастырылған)	
	KG2000000	коммерциялық емес ұйым		
		KG2010000	мекеме	
		KG2020000	қоғамдық бірлестік және діни ұйым	
		KG2030000	коммерциялық емес ұйым ретіндегі кооператив	
		KG2040000	қоғамдық қор	
		KG2050000	заңды тұлғалар бірлестігі (қоғамдастық, одақ)	
		KG2060000	коммерциялық емес ұйым ретіндегі қаржы кооперативі (кредиттік одақ)	
		KG2070000	Орталық банк	
		KG2080000	адвокатура	
	KG3000000	дара кәсіпкер		
		KG3010000	шаруа (фермер) қожалығы (заңды тұлға ұйымдастырылмаған)	
	KG4000000	заңды тұлғаның оқшауланған бөлімшесі		
		KG4010000	заңды тұлғаның филиалы	

	KG4020000	занды тұлғаның өкілдігі		
	KG9000000	басқа топтамаларға қосылмаған өзге ұйымдық-құқықтық нысан		
	Ресей Федерациясында шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысандары			
RU1000000	коммерциялық корпоративтік ұйымдар болып табылатын заңды тұлғалардың ұйымдық-құқықтық нысандары			
	RU1010000	шаруашылық серіктестік		
		RU1010100	толық серіктестік	
		RU1010200	сенімдегі серіктестік (коммандиттік серіктестік)	
	RU1020000	шаруашылық қоғам		
		RU01020100	акционерлік қоғам	
			RU01020101	ж а р и я акционерлік қоғам
			RU01020102	жария емес акционерлік қоғам
	RU1020200	жауапкершілігі шектеулі қоғам		
	RU1030000	шаруашылық серіктестік		
	RU1040000	өндірістік кооператив (артель)		
		RU1040100	ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі	
		RU1040200	өндірістік кооператив (ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативінен басқа)	
RU1050000	шаруа (фермер) қожалығы			
RU1999999	коммерциялық ұйым болып табылатын өзге заңды тұлға			
RU2000000	коммерциялық емес корпоративтік ұйымдар болып табылатын заңды тұлғалардың ұйымдық-құқықтық нысандары			
	RU2010000	тұтынушылар кооперативі		
		RU2010400	кредиттік тұтынушылар кооперативі	
		RU2010500	азаматтардың кредиттік тұтынушылар кооперативі	
		RU2010600	екінші деңгейдегі кредиттік кооператив	
	RU2019999	тұтынушылар кооперативінің өзге нысаны		
	RU2020000	қоғамдық ұйым		
RU2060100	қоғамдастық (одақ)			
	RU2060100	Ресей Федерациясы субъектілерінің экономикалық өзара іс-қимыл қоғамдастығы (одағы)		

	RU2060000	RU2060200	Ресей Федерациясы субъектілерінің муниципалдық құрылымдарының кеңесі
		RU2060300	кредиттік кооперативтер одағы (қоғамдастығы)
		RU2060400	кооперативтер одағы (қоғамдастығы)
		RU2060500	қоғамдық бірлестіктер одағы (қоғамдастығы)
		RU2060600	тұтынушылар қоғамдарының одағы
		RU2060700	сауда-өнеркәсіптік палата
		RU2060800	шаруа қожалықтарының бірлестігі
		RU2069999	өзге қоғамдастық (одақ)
RU2999999	коммерциялық емес корпоративтік ұйымдар болып табылатын заңды тұлғалардың өзге ұйымдық-құқықтық нысаны		
	заңды тұлға құқығынсыз құрылған ұйымдардың ұйымдық-құқықтық нысандары		
		RU3000100	заңды тұлғаның өкілдігі
		RU3000200	заңды тұлғаның филиалы
		RU3000300	заңды тұлғаның оқшауланған бөлімшесі
		RU3000400	заңды тұлғаның оқшауланған бөлімшесінің құрылымдық бөлімшесі
RU3009999		заңды тұлға құқығынсыз құрылған ұйымдардың өзге ұйымдық-құқықтық нысаны	
RU4000000	қызметін Ресей Федерациясының аумағында жүзеге асыратын халықаралық ұйымдардың ұйымдық-құқықтық нысандары		
		RU4000100	үкіметаралық халықаралық ұйым
		RU4000200	үкіметтік емес халықаралық ұйым
RU5000000	азаматтардың (жеке тұлғалардың) қызметі үшін ұйымдық-құқықтық нысандар		
	RU5010000	азаматтардың коммерциялық қызметі үшін ұйымдық-құқықтық нысандар	
		RU5010100	шаруа (фермер) қожалығының басшысы
		RU5010200	дара кәсіпкер
	RU5020000	азаматтардың кәсіпкерлікке жатқызылмаған қызметі үшін ұйымдық-құқықтық нысандар	
коммерциялық унитарлық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғалардың ұйымдық-құқықтық нысандары			
		унитарлық кәсіпорын	

RU6000000	RU6010000	RU6010100	жедел басқару құқығына негізделген унитарлық кәсіпорын (қазыналық кәсіпорындар)		
			RU6010101	федералдық қазыналық кәсіпорын	
			RU6010102	Ресей Федерациясы субъектісінің қазыналық кәсіпорны	
		RU6010103	муниципалдық қазыналық кәсіпорын		
		RU6010200	шаруашылық жүргізу құқығына негізделген унитарлық кәсіпорын		
			RU6010201	федералдық мемлекеттік унитарлық кәсіпорын	
	RU6010202		Ресей Федерациясы субъектісінің мемлекеттік унитарлық кәсіпорны		
			RU6010203	муниципалдық унитарлық кәсіпорын	
		коммерциялық емес унитарлық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғалардың ұйымдық-құқықтық нысандары			
			RU7000100	қор	
RU7010200		жария-құқықтық компания			
		RU7010201	мемлекеттік корпорация		
		RU7010202	мемлекеттік компания		
		RU7010203	шетелдік коммерциялық емес үкіметтік емес ұйымның бөлімшесі		
		мекеме			
		RU7020100	Ресей Федерациясы құрған мекеме		
			RU7020101	федералдық мемлекеттік автономдық мекеме	
			RU7020102	федералдық мемлекеттік бюджеттік мекеме	

RU7000000	RU7020000		RU7020103	федералдық мемлекеттік қазыналық мекеме
		RU7020200	Ресей Федерациясының субъектісі құрған мекеме	
			RU7020201	Ресей Федерациясы субъектісінің мемлекеттік автономдық мекемесі
			RU7020202	Ресей Федерациясы субъектісінің мемлекеттік бюджеттік мекемесі
			RU7020203	Ресей Федерациясы субъектісінің мемлекеттік қазыналық мекемесі
		RU7020300	мемлекеттік ғылым академиясы	
		RU7020400	муниципалдық құрылым құрған мекеме (муниципалдық мекеме)	
			RU7020401	муниципалдық автономдық мекеме
			RU7020402	муниципалдық бюджеттік мекеме
			RU7020403	Муниципалдық қазыналық мекеме
		RU7020500	жеке мекеме	
			RU7020501	қайырымдылық мекемесі
			RU7020502	қоғамдық мекеме
RU7999999	коммерциялық емес унитарлық кәсіпорындар болып табылатын заңды тұлғалардың өзге ұйымдық-құқықтық нысаны			

2. Сыныптауыштан шаруашылық жүргізуші субъектінің ұйымдық-құқықтық нысанын шаруашылық жүргізуші субъектінің азаматтық-құқықтық мәртебесі бойынша

сипаттайтын қосымша белгілер бөлігіндегі егжей-тегжейлі мәліметтер, капиталға қатысу нысандары және басқару нысандары (1 – 3-фасеттер) тиісінше 2 – 4-кестелерде келтірілген.

2-кесте

1-фасет. Шаруашылық жүргізуші субъектінің азаматтық-құқықтық мәртебесі

Коды	Атауы
1	заңды тұлға
2	жеке тұлға
5	жергілікті бірлік
6	заңды тұлға (еншілес шаруашылық қоғам)
7	заңды тұлға (тәуелді шаруашылық қоғам)

3-кесте

2-фасет. Капиталға қатысу нысандары

Коды	Атауы
3	ТМД елдерінің шетелдік қатысуы
4	ТМД-дан тыс елдердің шетелдік қатысуы
5	ТМД елдерінің және ТМД-дан тыс елдердің шетелдік қатысуы
6	ТМД елдерінің шетелдік жеке, заңды тұлғасы, ұйымы
7	ТМД-дан тыс елдердің шетелдік жеке, заңды тұлғасы, ұйымы
8	ТМД елдерінің және ТМД-дан тыс елдердің шетелдік жеке, заңды тұлғасы, ұйымы
9	халықаралық ұйым

4-кесте

3-фасет. Басқару нысандары

Коды	Атауы
1	Холдинг
2	Концерн
3	Корпорация

3. 2 – 4-кестелерде айқындалған белгілер сыныптауыштың "КГ" ("Қырғыз Республикасында шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысандары") бөлімінде көзделген позициялар үшін шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысандарының қосымша сипаттамаларын кодтау үшін қолданылуы мүмкін.

II. Сыныптауыштың паспорты

--	--	--

Р/с №	Элементтің белгіленімі	Сипаты
1	2	3
1	Коды	2049
2	Типі	2 – сыныптауыш
3	Атауы	Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысандарының сыныптауышы
4	Аббревиатурасы	КОПФ
5	Белгіленімі	ЕК 049-2019
6	Анықтамалықтың сыныптауыштың қабылданғаны туралы актінің деректемелері	(Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 20 жылғы № шешімі
7	Анықтамалық (сыныптауыш) қолданысқа енгізілетін қолданыла бастайтын) күн	(Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 20 жылғы № шешімі күшіне енген күннен бастап
8	Анықтамалықтың (сыныптауыштың) қолданылуын тоқтату туралы актінің деректемелері	–
9	Анықтамалықтың (сыныптауыштың) қолданылуы аяқталатын күн	–
10	Оператор (операторлар)	Еуразиялық экономикалық комиссия
11	Тағайындалуы	сыныптауыш Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысандары туралы мәліметтерді сыныптауға және кодтауға арналған
12	Аннотация (қолданылу саласы)	Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде зияткерлік меншік, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, техникалық реттеу және тауарлардың сыртқы саудасы салаларында және басқа да салаларда жалпы процестерді іске асыру кезінде ақпараттық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету
13	Түйін сөздер	ұйымдық-құқықтық нысан, ҰҚН, шаруашылық жүргізу нысаны
14	Еуразиялық экономикалық одақ органдарының өкілеттіктері іске асырылатын сала	барлық салалар
		2 – сыныптауышты әзірлеген кезде халықаралық (

15	Халықаралық (мемлекетаралық, өңірлік) сыныптауды пайдалану	мемлекетаралық, өңірлік) сыныптауыштар қолданылған жоқ
16	Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік анықтамалықтарының (сыныптауыштарының) бар-жоғы	<p>1 – сыныптауыштың Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде аналогтары бар. 1 – ОКРБ 019-2013. "Ұйымдық-құқықтық нысандар" Беларусь Республикасының жалпымемлекеттік сыныптауышы (Беларусь Республикасының Мемлекеттік стандарттау комитетінің 2013 жылғы 28 қазандағы № 55 қаулысымен бекітілген).</p> <p>1 – Қазақстан Республикасының шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысандарының мемлекеттік сыныптауышы. 1 – ГК 004-1997. "Шаруашылық жүргізуші субъектілердің ұйымдық-құқықтық нысандары" Қырғыз Республикасының мемлекеттік сыныптауышы. 1 – ОК028-2012. Ұйымдық-құқықтық нысандардың жалпыресейлік сыныптауышы (Федералдық техникалық реттеу және метрология агенттігінің 2012 жылғы 16 қазандағы № 505-ст бұйрығымен бекітілген)</p>
17	Жүйелеу (сыныптау) әдісі	4 – аралас сыныптау әдісі. Объектілерді сыныптаған кезде сыныптаудың иерархиялық (сыныптау сатыларының саны – 4) және фасеттік әдістерінің үйлесімі пайдаланылады
18	Жүргізу әдістемесі	1 – қосымшаға сәйкес тәртіппен анықтамалықты (сыныптауышты) орталықтандырылған жүргізу рәсімі
19	Құрылымы	сыныптауыштың құрылымы туралы ақпарат осы сыныптауыштың III бөлімінде келтірілген
20	Деректердің құпиялылық дәрежесі	осы сыныптауыштан мәліметтер ашық қол жеткізуге болатын ақпаратқа жатады
21	Қайта қараудың белгіленген мерзімділігі	осы сыныптауыштың деректерін қайта қарауды жылына 1 реттен сиретпей жүргізу қажет
22	Өзгерістер	–

23	Анықтамалықтан (сыныптауыштан) егжей-тегжейлі мәліметтерге сілтеме	(анықтамалықтан (сыныптауыштан) егжей-тегжейлі мәліметтер осы сыныптауыштың I бөлімінде келтірілген
24	Анықтамалықтан (сыныптауыштан) мәліметтерді беру тәсілі	(Еуразиялық экономикалық одақтың ақпараттық порталында жариялау

III. Сыныптауыштың құрылымын сипаттау

4. Осы бөлімде сыныптауыштың құрылымы мен деректемелік құрамы, соның ішінде деректемелер мәндерінің салалары мен оларды қалыптастыру қағидалары айқындалады.

5. Сыныптауыштың құрылымы мен деректемелік құрамы 5-кестеде келтірілген, онда мынадай жолдар (графалар) қалыптастырылады:

"деректеме мәнінің саласы" – элементтің мағынасын (семантикасын) түсіндіретін мәтін;

"деректеме мәнін қалыптастыру қағидалары" – деректеменің мақсатын нақтылайтын және оны қалыптастыру (толтыру) қағидаларын айқындайтын мәтін немесе деректеменің ықтимал мәндерінің сөзбен сипатталуы;

"көпт." – деректеменің көптігі (міндеттілік (опциялылық) және деректемелердің ықтимал қайталану саны).

6. Берілетін деректер деректемелерінің көптігін көрсету үшін мынадай белгілер пайдаланылады:

1 – деректеме міндетті, қайталауға жол берілмейді;

n – деректеме міндетті, n рет ($n > 1$) қайталануы тиіс;

1..* – деректеме міндетті, шексіз қайталануы мүмкін;

n..* – деректеме міндетті, кемінде n рет ($n > 1$) қайталануы тиіс;

n..m – деректеме міндетті, кемінде n рет қайталануы және m реттен артық қайталанбауы ($n > 1, m > n$) тиіс;

0..1 – деректеме опциялы, қайталауға жол берілмейді;

0..* – деректеме опциялы, шексіз қайталануы мүмкін;

0..m – деректеме опциялы, m реттен артық ($m > 1$) қайталанбауы тиіс.

5-кесте

Сыныптауыштың құрылымы мен деректемелік құрамы

Деректеменің атауы	Деректеме мәнінің саласы	Деректеме мәнін қалыптастыру қағидалары	Көпт.
1. Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде шаруашылық жүргізудің		салынған деректемелерді қалыптастыру	1..*

ұйымдық-құқықтық нысандары туралы мәліметтер	салынған деректемелер мәндерінің саласымен айқындалады	қағидаларымен айқындалады	
1.1 Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысандарының сыныптауышы бөлімінің коды	қалыпқа келтірілген символдар жолы. Шаблон: [A-Z]{2}	мүше мемлекеттің альфа-2 коды ISO 3166-1 стандартына сәйкес қалыптастырылады	1
1.2 Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысандарының сыныптауышы бөлімінің атауы	символдар жолы Ең аз ұзындығы: 1 Ең көп ұзындығы: 300	ISO 3166-1 стандартына сәйкес орыс тіліндегі сөз тіркесі түрінде қалыптастырылады	1
1.3 Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде шаруашылық жүргізудің сыныптауыш бөліміне қосылған ұйымдық-құқықтық нысандары туралы мәліметтер	салынған деректемелер салаларымен айқындалады	салынған деректемелерді қалыптастыру қағидаларымен айқындалады	1..*
1.3.1 Топ коды	қалыпқа келтірілген символдар жолы. Шаблон: [A-Z]{2}[0-9]{7}	кодтаудың дәйекті әдісін пайдалану арқылы қалыптастырылады	1
1.3.2 Топтың атауы	символдар жолы Ең аз ұзындығы: 1 Ең көп ұзындығы: 4000	орыс тіліндегі сөз тіркесі түрінде қалыптастырылады	1
1.3.3 Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде шаруашылық жүргізудің сыныптауыш тобына қосылған ұйымдық-құқықтық нысандары туралы мәліметтер	салынған деректемелер салаларымен айқындалады	салынған деректемелерді қалыптастыру қағидаларымен айқындалады	1..*
1.3.3.1 Кіші топ коды	қалыпқа келтірілген символдар жолы. Шаблон: [A-Z]{2}[0-9]{7}	кодтаудың дәйекті әдісін пайдалану арқылы қалыптастырылады	0..1
1.3.3.2 Кіші топтың атауы	символдар жолы Ең аз ұзындығы: 1 Ең көп ұзындығы: 4000	орыс тіліндегі сөз тіркесі түрінде қалыптастырылады	0..1
1.3.3.3 Еуразиялық экономикалық одақ			

шенберінде шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысандарының түрі туралы мәліметтер	салынған деректемелер салаларымен айқындалады	салынған деректемелерді қалыптастыру қағидаларымен айқындалады	0..*
1.3.3.3.1 Түр коды	қалыпқа келтірілген символдар жолы. Шаблон: [A-Z]{2}[0-9]{7}	кодтаудың дәйекті әдісін пайдалану арқылы қалыптастырылады	1
1.3.3.3.2 Түрдің атауы	символдар жолы Ең аз ұзындығы: 1 Ең көп ұзындығы: 4000	орыс тіліндегі сөз тіркесі т ү р і н д е қалыптастырылады	1
1.3.3.3.3 Еуразиялық экономикалық одақ шенберінде шаруашылық жүргізудің белгілі бір ұйымдық-құқықтық нысандары туралы мәліметтер	салынған деректемелер салаларымен айқындалады	салынған деректемелерді қалыптастыру қағидаларымен айқындалады	0..*
*.1 Еуразиялық экономикалық одақ шенберінде шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысанының коды	қалыпқа келтірілген символдар жолы. Шаблон: [A-Z]{2}[0-9]{7}	кодтаудың дәйекті әдісін пайдалану арқылы қалыптастырылады	1
*.2 Еуразиялық экономикалық одақ шенберінде шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысанының атауы	символдар жолы Ең аз ұзындығы: 1 Ең көп ұзындығы: 4000	орыс тіліндегі сөз тіркесі т ү р і н д е қалыптастырылады	1
*.7 Анықтамалық (сыныптауыш) жазбасы туралы мәліметтер	салынған деректемелер салаларымен айқындалады	салынған деректемелерді қалыптастыру қағидаларымен айқындалады	1
*.1 Қолданысы басталатын күн	МемСТ ИСО 8601–2001 сәйкес YYYY-MM-DD форматында күнді белгілеу	Еуразиялық экономикалық одақ органының актісінде көрсетілген қолданысы басталатын күнге сәйкес келеді	1
*.2 Басталуын регламенттейтін акт туралы мәліметтер	салынған деректемелер салаларымен айқындалады	салынған деректемелерді қалыптастыру қағидаларымен айқындалады	1
*.2.1 Актінің түрі	қалыпқа келтірілген символдар жолы. Шаблон: \d{5}	халықаралық құқықтың нормативтік құқықтық актілері түрлерінің сыныптауышына сәйкес актіні кодпен белгілеу	1

*.2.2 Актінің нөмірі	символдар жолы Ең аз ұзындығы: 1 Ең көп ұзындығы: 50	Еуразиялық экономикалық одақ органы актісінің нөміріне сәйкес келеді	1
*.2.3 Актінің күні	МемСТ ИСО 8601–2001 сәйкес YYYY-MM-DD форматында күнді белгілеу	Еуразиялық экономикалық одақ органының актіні қабылдаған күніне сәйкес келеді	1
*.3 Қолданысы аяқталатын күн	МемСТ ИСО 8601–2001 сәйкес YYYY-MM-DD форматында күнді белгілеу	Еуразиялық экономикалық одақ органының актісінде көрсетілген қолданысы аяқталатын күнге сәйкес келеді (қолданысының соңғы күні)	0..1
*.4 Анықтамалық (сыныптауыш) жазбасы қолданысының аяқталатын регламенттейтін акт туралы мәліметтер	салынған деректемелер салаларымен айқындалады	салынған деректемелерді қалыптастыру қағидаларымен айқындалады	0..1
*.4.1 Актінің түрі	қалыпқа келтірілген символдар жолы. Шаблон: \d{5}	халықаралық құқықтың нормативтік құқықтық актілері түрлерінің сыныптауышына сәйкес актіні кодпен белгілеу	1
*.4.2 Актінің нөмірі	символдар жолы Ең аз ұзындығы: 1 Ең көп ұзындығы: 50	Еуразиялық экономикалық одақ органы актісінің нөміріне сәйкес келеді	1
*.4.3 Актінің күні	МемСТ ИСО 8601–2001 сәйкес YYYY-MM-DD форматында күнді белгілеу	Еуразиялық экономикалық одақ органының актіні қабылдаған күніне сәйкес келеді	1

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысандарының сыныптауышына
ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысандарының сыныптауышын жүргізу және қолдану ТӘРТІБІ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Тәртіп Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі туралы" 2015 жылғы 17 қарашадағы № 155 шешіміне және Еуразиялық экономикалық комиссия

Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақтың нормативтік-анықтамалық акпаратының бірыңғай жүйесі ресурстарының құрамына кіретін анықтамалықтар мен сыныптауыштарды әзірлеу, жүргізу және қолдану әдіснамасын бекіту туралы" 2017 жылғы 19 қыркүйектегі № 121 шешіміне сәйкес Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысандарының сыныптауышын (бұдан әрі – сыныптауыш) жүргізу мен қолдану ерекшеліктерін айқындау, сондай-ақ оны әзірлеу мен жүргізу кезінде сыныптау мен кодтау әдістерін қолдану ерекшелігінің сипаты мен анықтамасын нақтылау мақсатында әзірленді.

2. Осы Тәртіптің мақсаттары үшін мынаны білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

"ұлттық сыныптауыш" – шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысандарының Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің нормативтік құқықтық актісімен бекітілген сыныптауышы;

"жалпылама тізбе" – Еуразиялық экономикалық одақта шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысандарының осы мүше мемлекеттің ұлттық сыныптауышын және (немесе) заңнамасын талдау нәтижелері бойынша қалыптастырылған тізбесі;

"өтпелі кесте" – ұлттық сыныптауыштағы сыныптау объектілері (позициялар) мен сыныптауыштағы сыныптау объектілері (позициялар) арасындағы сәйкестікті белгілейтін кесте.

Осы Тәртіпте пайдаланылатын өзге ұғымдар 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта және Еуразиялық экономикалық одақ органдарының Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) бірыңғай нормативтік-анықтамалық акпарат жүйесін қалыптастыру және дамыту мәселелеріне қатысты актілерінде айқындалған мәндерде қолданылады.

II. Сыныптау әдісі

3. Ұйымдық-құқықтық нысандарды сыныптау мақсаттары үшін аралас әдіс пайдаланылады.

4. Сыныптау мынадай сыныптау белгілерін қолдану негізінде жүзеге асырылады:

- 1) өңірлік белгі (Одаққа мүше мемлекеттің (бұдан әрі – мүше мемлекет) коды);
- 2) шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысанының тобы;
- 3) шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысанының кіші тобы;
- 4) шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысанының түрі;
- 5) шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысаны.

5. "Өңірлік белгі (мүше мемлекеттің коды)" сыныптау белгісі сыныптауыштың бөлімін айқындайды және заңнамасында шаруашылық жүргізудің сыныптауышқа енгізілген ұйымдық-құқықтық нысаны белгіленген мүше мемлекетке сәйкес келеді.

6. "Шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысанының тобы" сыныптау белгісі шаруашылық жүргізудің тиісті жалпылама тізбеге енгізілген ұйымдық-құқықтық нысанының тобын айқындайды.

7. "Шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысанының кіші тобы" сыныптау белгісі шаруашылық жүргізудің тиісті жалпылама тізбеге енгізілген ұйымдық-құқықтық нысанының кіші тобын айқындайды.

8. "Шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысанының түрі" сыныптау белгісі шаруашылық жүргізудің тиісті жалпылама тізбеге енгізілген ұйымдық-құқықтық нысанының түрін айқындайды.

9. "Шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысаны" сыныптау белгісі шаруашылық жүргізудің тиісті жалпылама тізбеге енгізілген ұйымдық-құқықтық нысанын айқындайды.

10. Сыныптауыштың "KG" ("Қырғыз Республикасында шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысандары") бөліміне қосылған шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысандары үшін анықтамалық ақпарат ретінде қосымша мынадай сипаттамалардың мәндері белгіленуі мүмкін:

шаруашылық жүргізуші субъектінің азаматтық-құқықтық мәртебесі;
капиталға қатысу нысаны;
басқару нысаны.

III. Кодтау әдісі

11. Сыныптау объектілерін кодтау үшін дәйекті әдіс пайдаланылады.

12. Сыныптау объектісінің коды 9 разрядтан тұрады, мұнда:

1-ші және 2-ші разрядтар ISO 3166-1 стандартына сәйкес мүше мемлекеттің 2 әріпті кодын қамтиды;

3-ші разряд Шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысанының топ-кодтарын қамтиды;

4-ші және 5-ші разрядтар шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысанының кіші тобының 2 мәнді цифрлық кодын қамтиды;

6-шы және 7-ші разрядтар шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысаны түрінің кодын қамтиды;

8-ші және 9-шы разрядтар шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысанының 2 мәнді цифрлық кодын қамтиды және кодтаудың дәйекті әдісін пайдалану арқылы қалыптастырылады.

13. Осы Тәртіптің 10-тармағына сәйкес қосымша анықтамалық ақпарат ретінде көрсетілген объектілер дәйекті әдісті пайдалану негізінде кодталады.

Қырғыз Республикасы үшін шаруашылық жүргізуші субъектінің азаматтық-құқықтық мәртебесінің коды сыныптауыштың I бөлімінің 2-кестесіне сәйкес белгіленеді.

Қырғыз Республикасы үшін капиталға қатысу нысанының коды сыныптауыштың I бөлімінің 3-кестесіне сәйкес белгіленеді.

Қырғыз Республикасы үшін шаруашылық жүргізуші субъектіні басқару нысанының коды сыныптауыштың I бөлімінің 4-кестесіне сәйкес белгіленеді.

14. Жалпылама тізбеге қосылған сыныптау объектісін кодтау жөніндегі операцияларды орындау кезінде:

1) қосылатын сыныптау объектісінің сыныптауыштың белгілі бір бөліміне тиесілілігін белгілеу;

2) мүше мемлекеттің заңнамасын талдау негізінде:

сыныптау объектісінің осы Тәртіптің 1-кестесіне сәйкес айқындалған шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысандары топтарының біріне тиесілілігін;

сыныптау объектісінің шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысандарының кіші топтарының біріне тиесілілігін (бар болса);

сыныптау объектісінің шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысандары түрлерінің біріне тиесілілігін (бар болса);

сыныптау объектісінің шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысандарының біріне тиесілілігін (бар болса) белгілеу;

3) зияткерлік меншік, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, техникалық реттеу және тауарлардың сыртқы саудасы салаларында кеңінен қолданылмайтын шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысандарын шаруашылық жүргізудің өзге ұйымдық-құқықтық нысанының тиісті позициясына немесе неғұрлым жоғары деңгейдегі позицияға қосу;

4) 1 – 3-қадамда белгіленген сәйкестіктерді ескере отырып, дәйекті әдісті қолдану арқылы сыныптау объектісін кодтауды жүргізу қажет.

1-кесте

Шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысандарының сыныптау топтары

Мүше мемлекеттің атауы	Сыныптау топтары	
	атауы	коды
Армения Республикасы	коммерциялық ұйым	1
	кооператив	2
	коммерциялық емес ұйым	3
	Армения Республикасының басқа топтамаларға қосылмаған шаруашылық жүргізудің өзге ұйымдық-құқықтық нысаны	9
Беларусь Республикасы	коммерциялық ұйым	1
	коммерциялық емес ұйым	2
	заңды тұлға ұйымдастырмай құрылған субъект	3
	мемлекеттік кәсіпорын	1
	шаруашылық серіктестік	2

Қазақстан Республикасы	акционерлік қоғам	3
	өндірістік кооператив	4
	мекеме	5
	қоғамдық бірлестік	6
	тұтынушылар кооперативі	7
	қор	8
	діни бірлестік	9
	қауымдастық нысанындағы заңды тұлғалар бірлестігі	0
Қырғыз Республикасы	коммерциялық ұйым	1
	коммерциялық емес ұйым	2
	дара кәсіпкер	3
	заңды тұлғалардың оқшауланған бөлімшесі	4
	Қырғыз Республикасының басқа топтамаларға қосылмаған шаруашылық жүргізудің өзге ұйымдық-құқықтық нысаны	9
Ресей Федерациясы	коммерциялық корпоративтік ұйымдар болып табылатын заңды тұлғалардың шаруашылық жүргізуінің ұйымдық-құқықтық нысандары	1
	коммерциялық емес корпоративтік ұйымдар болып табылатын заңды тұлғалардың шаруашылық жүргізуінің ұйымдық-құқықтық нысандары	2
	заңды тұлға құқығынсыз құрылған ұйымдардың шаруашылық жүргізуінің ұйымдық-құқықтық нысандары	3
	қызметін Ресей Федерациясының аумағында жүзеге асыратын халықаралық ұйымдардың шаруашылық жүргізуінің ұйымдық-құқықтық нысандары	4
	азаматтардың (жеке тұлғалардың) шаруашылық жүргізуінің ұйымдық-құқықтық нысандары	5
	коммерциялық унитарлық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғалардың шаруашылық жүргізуінің ұйымдық-құқықтық нысандары	6
	коммерциялық емес унитарлық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғалардың шаруашылық	7

15. Жалпылама тізбеге енгізілген сыныптау объектілерін кодтау жөніндегі операцияларды орындау үлгілері осы Тәртіптің 2-кестесінде келтірілген.

2-кесте

Сыныптау объектілерін кодтау жөніндегі операциялар (үлгілер)

Сыныптау объектісінің атауы	Өңірлік топ	Шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысанының тобы	Шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысанының кіші тобы	Шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысанының түрі	Шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысаны	Сыныптау объектісінің коды
ашық акционерлік қоғам	Армения Республикасы (AM)	коммерциялық ұйым (код 1)	шаруашылық қоғам (код 02)	акционерлік қоғам (код 03)	ашық акционерлік қоғам (код 01)	AM1020301
толық серіктестік	Беларусь Республикасы (BY)	коммерциялық ұйым (код 1)	шаруашылық серіктестік (қоғам) (код 01)	толық серіктестік (код 01)	– (код 00)	BY1010100
шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын	Қазақстан Республикасы (KZ)	мемлекеттік кәсіпорын (код 1)	шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын (код 01)	– (код 00)	– (код 00)	KZ1010000
жабық акционерлік қоғам	Қырғыз Республикасы (KG)	коммерциялық ұйым (код 1)	шаруашылық серіктестік және қоғам (код 03)	жабық акционерлік қоғам (код 02)	– (код 00)	KG1030200
дара кәсіпкер	Ресей Федерациясы (RU)	азаматтардың (жеке тұлғалардың) қызметі үшін ұйымдық-құқықтық нысандар (код 5)	азаматтардың коммерциялық қызметі үшін ұйымдық-құқықтық нысандар (код 01)	дара кәсіпкер (код 02)	– (код 00)	RU5010200

IV. Сыныптауышты жүргізу тәртібі

16. Сыныптауышқа мына жағдайларда:

Одақ құрамына жаңа мемлекет кірген кезде;

мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысандары және (немесе) олардың сыныптауыштары өзгерген кезде өзгерістер енгізу жүзеге асырылады.

17. Одақ құрамына жаңа мемлекет кірген кезде осы мемлекеттің заңнамасын талдауды ескере отырып, жалпылама тізбені қалыптастыру және оған қосылған сыныптау объектілерін осы Тәртіптің 14-тармағына сәйкес кодтауды қамтамасыз ету қажет.

18. Мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысандары және (немесе) олардың сыныптауыштары өзгерген кезде Еуразиялық экономикалық комиссиямен (бұдан әрі – Комиссия) өзара іс-қимыл жасауға уәкілеттік берілген орган немесе мүше мемлекеттің ұлттық сыныптауышты жүргізуге жауапты органы (ұйымы) өзгерістер бекітілген күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде олар туралы Комиссияны хабардар етіп, мына мәліметтерді көрсетеді:

шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысандарын және (немесе) олардың сыныптауыштарын өзгертуге негіз болған нормативтік құқықтық актінің деректемесі, мұндай акт күшіне енетін күн, сондай-ақ өзгерістердің мазмұны;

ұлттық сыныптауыштағы (бар болса) қосылған, алып тасталған, өзгертілген позициялар;

шаруашылық жүргізуші субъектінің ұйымдық-құқықтық нысанын шаруашылық жүргізуші субъектінің азаматтық-құқықтық мәртебесі бойынша сипаттайтын қосымша белгілер, капиталға қатысу нысандары және басқару нысандары (бар болса).

19. Комиссия мүше мемлекет заңнамасының өзгерістерін талдауды және ұсынылған мәліметтерді ескере отырып, жекелеген сыныптау объектілерін қосу, алып тастау, өзгерту бөлігінде жалпылама тізбеге, сондай-ақ қажет болса, сыныптауыштың I бөлімінің 2 – 4-бөлімдерінің кестелеріне сәйкес тізбелерге қажетті өзгерістер енгізеді.

20. Жалпылама тізбе қалыптастырылғаннан (өзгертілгеннен) кейін жалпылама тізбеге жаңадан қосылған сыныптау объектілерін осы Тәртіптің 17-тармағына сәйкес кодтау жөніндегі операцияларды жүргізу, сондай-ақ сыныптауышқа және сыныптауышқа анықтамалық материалдар ретінде пайдаланылатын өтпелі кестеге тиісті өзгерістер енгізу қажет.

21. Сыныптауышқа, соның ішінде уыштың I бөлімінің 2 – 4-бөлімдерінің кестелеріне сәйкес тізбелерге өзгерістер енгізілген кезде позициялардың бұрын белгіленген кодтарының өзгермеуі қамтамасыз етілуіне тиіс.

V. Сыныптауышты қолдану ерекшеліктері

22. Қырғыз Республикасының шаруашылық жүргізуші субъектілері туралы мәліметтерді электронды түрде қалыптастырған кезде сыныптауыштың I бөлімінің 2-кестесіне сәйкес шаруашылық жүргізуші субъектінің азаматтық-құқықтық мәртебесінің кодын анықтамалық ақпарат ретінде көрсетуге болады. Бұл ретте шаруашылық жүргізуші субъектінің азаматтық-құқықтық мәртебесінің коды ұйымдық-құқықтық

нысан кодының қосымша 10-шы разрядында көрсетілуге тиіс. Шаруашылық жүргізуші субъектінің азаматтық-құқықтық мәртебесінің коды көрсетілмейтін болса, 10-шы разрядта "0" цифры қойылады.

23. Қырғыз Республикасының шаруашылық жүргізуші субъектілері туралы мәліметтерді электронды түрде қалыптастырған кезде сыныптауыштың I бөлімінің 3-кестесіне сәйкес капиталға қатысу нысанының кодын анықтамалық ақпарат ретінде көрсетуге болады. Бұл ретте капиталға қатысу нысанының коды ұйымдық-құқықтық нысан кодының қосымша 11-ші разрядында көрсетілуге тиіс. Егер капиталға қатысу нысанының коды көрсетілмейтін болса, 11-ші разрядта "0" цифры қойылады.

24. Қырғыз Республикасының шаруашылық жүргізуші субъектілері туралы мәліметтерді электронды түрде қалыптастырған кезде сыныптауыштың I бөлімінің 4-кестесіне сәйкес басқару нысанының кодын анықтамалық ақпарат ретінде көрсетуге болады. Бұл ретте басқару нысанының коды ұйымдық-құқықтық нысан кодының қосымша 12-ші разрядында көрсетілуге тиіс. Егер басқару нысанының коды көрсетілмейтін болса, 12-ші разрядта "0" цифры қойылады.

25. Армения Республикасының, Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының шаруашылық жүргізуші субъектілері туралы мәліметтерді электронды түрде қалыптастырған кезде кодтың 10-шы – 12-ші разрядтарында "000" цифрлары қойылады.